

Жиынбай ауылындағы аты жоқ көшеге Мыңбаев Айнабектің атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Келтемашат ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 21 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 мамырда N 14-14-107 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Жиынбай ауылындағы аты жоқ көшеге Мыңбаев Айнабектің аты берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Келтемашат ауылдық округ әкімі

С.Қамбарбеков